

8D09101 - «Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Тореханов Мерей Айбыновичтың «Ірі кара мал некробактериозын емдеу және диагностикалауда инновациялық тәсілдерді қолдану» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қаржыландыратын «Гранттық қаржыландыру жобасы № АР 05133838 «Ірі кара малының некробактериозына сүтқышқылды бактериялардың терапиялық әсерін зерттеу» ғылыми жоба шеңберінде орындалды.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Атқарылған ғылыми жұмыс ветеринария ғылымының дамуына үлесін қосады. Жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша Алматы облысының шаруашылық жүргізуші субъектілерінде ірі кара малдың некробактериозы бойынша індеттік ахуалы анықталып, негізгі клиникалық белгілер, некробактериоз қоздырушысының индикациясы мен идентификациясына зерттеу жүргізу, паренхиматозды мүшелерде туындайтын негізгі патоморфологиялық өзгерістер, ауру кезінде ішкі мүшелерде туындаған жасушалық және ұлпалық өзгерістерді гистологиялық зерттеу, «Лактобактерин - ТК» сүт қышқылы бактерияларынан препараттың зертханалық жағдайда ірі

			<p>қара малдың зақымдалған аймақтарынан бөлініп алынған зардапты микрофлораға және препаратының емдік әсерін зерттеу, сонымен қатар зақымдалған ұлпалардың регенерациясын гистологиялық бақылау жүргізу маңыздылығы ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Жоғары. Диссертация ғылыми тілде, қазақ тілінде түсінікті жазылған, барлық бөлімдерінде арнайы дереккөздерге сілтеме жасалған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Негізделген. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығынан ашылған. Ұсынылған деректер шаруашылықтарда ірі қара малдың некробактериозын жою жөніндегі іс-шаралар жүйесін жетілдіру және зерттеу әдістерін жетілдіру кезінде пайдалануға болады. Себебі қазіргі таңда, ауыл шаруашылығы малдары арасында бактериялық аурулар оның ішінде некробактериоз кең таралған.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Айқындайды. Диссертация тақырыбы ірі қара мал некробактериозының Алматы облысы бойынша кейбі шаруашылықта таралу динамикасы, жан-жақты балау тәсілдері, «Лактобактерин – ТК» пробиотикалық препаратымен ауруды емдеу және ұлпалар мен жасушаларға әсер ету механизімін инновациялық гистологиялық әдіспен зерттеу тапсырмасы жан-жақты орындалған.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Сәйкес келеді. Диссертация тақырыбы бойынша алға қойған мақсат пен міндеттердің барлығы орындалып, толықтай диссертация мазмұнында ашылған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 	<p>Толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы өз ара логикалық байланыста.</p>

		<p>2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Сыни талдау бар. Әрбір қолданған әдіске сыни талдау жасалған. Зерттеу барысында автор алғаш рет «Лактобактерин ТК» пробиотикалық препаратымен некробактериозды емдеп оң нәтиже алған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жартылай жаңа. Автор Алматы облысы бойынша аурудың таралу динамикасын, клиника-морфологиялық ерекшеліктерін зерттей отырып, некробактериоз қоздырушысының типтік тиесілігін, некробактериозы кезінде ішкі мүшелерде туындайтын негізгі патоморфологиялық өзгерістерді, торша ішілік және ұлпалық өзгерістерді гистологиялық зерттеп, «Лактобактерин-ТК» препаратын ірі қара малдың зақымдалған аймақтарынан бөлініп алынған зардапты микрофлораға әсерін және Отандық «Лактобактерин – ТК» пробиотикалық препаратымен ірі қара мал некробактериозына емдік әсері және препараттың аяқтары мен бұлшық ет ұлпаларының регенерациясына әсеріне инновациялық гистологиялық зерттеулер қолданған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Толығымен жаңа. Қазақстан Республикасында алғаш орындалған зерттеу жұмысы болып табылады. Себебі «Лактобатерин – ТК» пробиотикалық препаратпен ірі қара мал некробактериозын алғаш емдеп, оның ұлпаларға әсерін заманауи гитологиялық жаңа үлгіде зерттеген.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жартылай жаңа.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Аталған ғылыми зерттеу жұмыстың барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Зерттеу нәтижелері бөлімінде дәлелдеме ретінде диаграммалар, сапалы макро-және микро суреттер берілген, аталған бөлімде нақты зерттеулер қорытындысы дәлелденіп, көрсетілген. Балау нәтижелері зерттеу нәтижелерімен расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	Ғылыми жұмыстың қорғауға шығарылған қағидаттары жарық көрген мақалалармен, авторлық куәлікпен, ғылыми негізделген ұсыныстармен толықтай дәлелденген және тривиалды емес, жанашылығы бар. Ғылыми-ізденіс нәтижелері эпизоотологиялық бірліктерінде, жеке шаруақожалықтарында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде ірі кара мал некробактериозы кезіндегі эпизоотияға қарсы (ветеринариялық-санитариялық, арнайы ветеринариялық) шаралар жүргізуге қолдануға болады. Диссертация нәтижелерінің қолдану аясы кең, яғни, ғылыми-ізденіс жұмыстарының нәтижелерін 6В09101, 7М09101, М138 ветеринария мамандығының оқу бағдарламасына енгізуге толық негіз бар.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен</p>	<p>Ия. Әдістеменің таңдауы негізделген және диссертациялық жұмыстағы зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді. Әдіснама диссертацияда нақты жазылған.</p> <p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелерін алуда компьютерлік технологиялар қолданылған, зерттеулер жүргізу үшін заманауи қондырғылар қолданылған, атап</p>

		<p>деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>айтқанда жарықтық микроскоптар МБИ -15, МБР, PZO (Warszawa), Magnus MLX-DX сандық камералар, микротом тағы басқа аспаптарымен жүзеге асырылған.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Ия. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары зертхана жағдайында микробиологиялық, патоморфологиялық, гистологиялық әдістермен алынған нәтижелермен дәлелденген, алынған нәтижелердің дәлдігі заманауи гистологиялық зерттеумен толықтырылған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді отандық, шет елдік ғалымдарының ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті түрде камтылған, диссертацияда 94 дереккөздер берілген.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Ия. Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі биологиялық қауіпсіз пробиотикалық препараттарды қолдану және оның ағзаға әсерін жасушалық яғни, гистологиялық зерттеу Қазақстанның мал шаруашылығы саласында басым міндетке айналады және ғылыми-теориялық және әсіресе қолданбалы маңызы зор.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p>

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы - жоғары. Диссертациялық жұмыста тақырып бойынша отандық, шет ел ғалымдарының зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне терең талдау жүргізілген. Қорытындылар жасалған жұмыс нәтижелерінен алынған.
-----	---------------------------	--	--

Шешім: Тореханов Мерей Айбыновичке 8D09101 - «Ветеринариялық медицина» оқу бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі тағайындалуын ұсынамын.

Ресми рецензент,
 ЖШС «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринариялық институты»
 бактериология зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, в.ғ.к.

Ф.А.Бакиеваның қолын растаймын
 «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС
 Бас ғалым хатшысы, в.ғ.к.



Бакиева Ф.А.
 28.11.2023 ж.

Сембина Ф.Е
 29.11.2023 ж.